

**«8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Койлыбаева Раушан Куанышовнаның «Қазақ отбасы
дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ресми рецензент филология
ғылымдарының докторы, профессор Садирова Кулзат
Каниевнаның
ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы тіл ғылымының дискурология бағытына және мына құжаттарға қатысты мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес орындалған:</p> <p>1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021 ж. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysykasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555.</p> <p>2. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.</p> <p>3. «Қазақстан – 2030» Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 11.10.1997. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K9700_02030_.</p> <p>4. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына</p>

			<p>Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050/links.</p> <p>5. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Жұмыс қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық негіздеріне талдау жасап, лингвоаксиологиялық дискурс мазмұнын коммуникативті-прагматикалық, когнитивтік талдаулар негізінде айқындап, қазақ отбасы дискурсындағы когнитивті-семантикалық өрісті табу, сөйлеу тактикасын ажырату, бағалауыштық құрылым арқылы жақсы мен жаманды, оң мен терісті, дұрыс пен бұрысты ажыратудың дискурстағы көрінісіне талдау жүргізіп, соған сай ұсынған тұжырымдары арқылы тіл ғылымының дискурсология, когнитивтік лингвистика ғылымына елеулі үлесін қосады. Қазақ отбасы дискурсының аксиологиялық бейнесін сипаттайтын құндылық негізді тілдік құралдарды айқындап, семантикалық талдау жүргізу нәтижесінде қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделінің ұсынылуы да зерттеу жұмысының маңыздылығын айқын көрсетеді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Диссертанттың ғылыми жұмысынан өзі жазу принципінің сақталғаны анық танылады. Р.Койлыбаеваның өзі жазу деңгейінің жоғарылығы «отбасы дискурсы», «отбасы коммуникациясы», «дискурстың аксиологиялық дәрежесі», «аксиологиялық компонент», «аксиологиялық концептосфера» (36-б) ұғымдарына анықтама беруінен, дискурс түрлері</p>

		<p>арасындағы отбасы дискурсының алатын орнын анықтауынан, отбасы дискурсының басты белгілері мен ерекшеліктерін саралауынан (22-23-бб), олардың әрбірінің сипатын көркем шығармалардан алынған мысалдармен дәйектеуінен (22-25-бб), отбасы дискурсындағы құндылық мәнді базалық концептілерді жан-жақты қарастырып, ұлттық санада қалыптасқан аксиологиялық моделін ұсынуынан көрінеді. Сонымен қатар диссертанттың ұлттық санаға сәйкес қазақ отбасының құндылықты және антиқұндылықты қасиеттерін сипаттайтын белгілерді (неке беріктігі – ажырасу, балалы болу – баланың болмауы, отбасындағы ауызбіршілік – отбасындағы алауыздық, отбасындағы татулық – отбасындағы ұрыс-керіс) анықтап, ұсынуы да жұмысты өзі жазу деңгейінің жоғарылығын дәлелдейді. Дискурстағы құндылықтарды лингвистикалық категорияға жатқызуға болатындығын атай отырып, оны дискурстың аксиологиялық құндылықтардың жиынтығынан тұратындығымен, құндылықтардың дискурстың ажырамас бөлігі екендігімен және дискурстағы құндылықтардың құндылық негізді концептілер формасында берілетінімен түсіндіреді, сонымен қатар аксиологиялық тұжырымдардың архетиптері негізінде берілетін аксиологиялық пайымдар сөйлеушінің қарым-қатынасы мен ниетін жеткізуде қолданылатынын түсіндіреді. Архетиптік және аксиологиялық концепт ұғымдарын түсіндіре отырып, олардың басты айырмасы мен дискурстағы қызметтерін нақтылауда да диссертанттың өзі жазу деңгейінің жоғарылығы байқалады.</p>
--	--	--

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертацияны жазуда ішкі бірлік принципі сақталған, диссертация тараулары мен тармақтарының мазмұны өзара сабақтаса байланысқан. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазақ отбасы дискурсына тән тілдік қолданыстар арқылы қазақ халқының отбасылық қарым-қатынасындағы мәдениетін, тәрбиесін, сөз саптауын және олардың қазақ қоғамында алатын орнын, бүгінгі мен бұрынғы отбасы дискурсының сабақтастығы мен ерекшеліктерін, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтардың қазақ отбасы дискурсындағы көрінісін, оның ұлттық тәрбие мен мемлекеттік идеологияға ықпалын анықтауымен және зерттеу нәтижелері негізінде қазақ отбасы мәдениетінің моделін ұсынуымен, ғылыми ортаға гуманитарлық, педагогикалық бағыттың дамуына үлес қосатынымен қисынды негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (9-10-беттер). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да қазақ отбасы дискурсын лингвоаксиологиялық аспектіде талдауға бағытталған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертацияның қазақ отбасындағы тілдік қатынас негізінде отбасы дискурсының құндылық бағдарын коммуникативті-когнитивтік аспектіде айқындау мақсаты мен осы мақсатқа жетудегі отбасы дискурсы мен отбасы коммуникациясының ерекшеліктерін коммуникативтік аспектіде анықтау, отбасы дискурсындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың мәнін айқындау, қазақ отбасы</p>

			<p>дискурсына тән сөз саптау арқылы оның когнитивтік аспектісі мен коммуникативті-прагматикалық қызметін анықтау, қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды саралайтын сауалнама жүргізу, оның нәтижесін талдау және отбасы дискурсының психолінгвистикалық қырын мысалдармен дәйектеу міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (8-бет).</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және 2 қосымшадан тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген. Диссертацияда отбасы дискурсына анықтама беріліп, оның отбасы коммуникациясынан айырмашылығы, өзіндік басты белгілері, лингвоаксиологиялық негіздері, коммуникативтік-прагматикалық қызметі мен когнитивті-семантикалық өрісі талданып, қазіргі қазақ қоғамындағы отбасылық құндылықтардың маңыздылығын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіліп, нәтижесі талданып, қорытындыланған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сыни талдау бар, ол диссертанттың отбасы дискурсындағы лингвоаксиологиялық факторлардың көрінісін талдауында (30-б., 51-б.) анық көрініс тапқан. Отбасы дискурсы түсінігіне дискурсқа берілген анықтамалармен сабақтастыра</p>

			отырып өзіндік анықтама беріп, отбасы коммуникациясынан айырмасын, диалог пен дискурстың ерекшеліктерін, отбасы дискурсының басты белгілерін, аксиологиялық факторлардың көрінісі мен негіздерін, құндылықтар мен антиқұндылықтар, отбасы дискурсындағы стратегиялар мен олардың құрамындағы тактикалар, отбасы дискурсының семантикалық мазмұнын құратын компоненттер, «әке», «ана», «бала» концептілерінің құндылық/антиқұндылық сипаттары анықталып, қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделі ұсынылған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Диссертант зерттеу барысында өзіндік талдаулар жасап, тың тұжырымдар ұсынған (23-25-бб, 42-61-бб, 70-б., 74-б, 78-б, 81-88-бб., 100-110-бб., 116-125-бб.). Диссертацияның ғылыми нәтижелері халықаралық Scopus мәліметтер базасына енгізілген басылымдарда 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 4 мақала және халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда 1 мақаланың жарық көруімен расталған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. «Отбасы дискурсы» ұғымына (отбасы мүшелерінің нақты бір жағдаяттарға байланысты туындайтын ойы мен ниетінің нәтижесі) анықтама беріп, оның басты белгілерін, ерекшеліктерін айқындаған, «отбасы коммуникациясы» терминін (отбасы мүшелерінің апперцепциялық білімінің тең болуының нәтижесінде өзара қарым-қатынасқа түсу формасы)</p>

анықтап, аталған екі ұғымның өзара сабақтастығы мен айырмасын коммуникативтік аспектіде анықтаған (22-30-бб.)

Отбасы дискурсындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың мәні айқындалған. Диссертант дискурстағы құндылықтарды лингвистикалық категорияларға жатқыза отырып, дискурстың аксиологиялық құндылықтардың жиынтығынан тұратынын, дискурстың аксиологиялық дәрежесі түрлі болатынын, дискурстың аксиологиялық компоненті, аксиологиялық концептосфера, құндылықты мағыналардың вербалдануы жолындағы когнитивті-дискурстық үдерістердің іске асу сипаты, аксиологиялық және архетиптік концептілер туралы ой-пайымдауларын ұсынған, отбасы дискурсының

лингвоаксиологиялық аспектісін «тіл + ұлттық құндылық + отбасылық коммуникациядан» тұратын ұштаған ретінде қарастырып, зерттеу нәтижесінде қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделін ұсынған (35-62-бб.).

Диссертацияда қазақ отбасы дискурсының негізгі концептілері ретінде «әке», «ана», «бала» концептілерінің құндылық және антиқұндылық сипаттары талданып, нақты көркем туынды мәтіндерімен дәйектелген (68-81-бб.).

Қазақ отбасы дискурсына тән сөз саптау арқылы оның когнитивтік аспектісі мен коммуникативті-прагматикалық қызметі анықталған. Бұл қазақ отбасы дискурсына қатысушылардың қарым-қатынас мақсаттарын шешуде қолданатын прагматикалық амал-тәсілдерінің (пейоративті, мелиоративті, ситуативті бағалау, сөйлеудің

			<p>апеллятивті, вокативті қызметі, әлеуметтік-реттеуші, сипаттаушы атаулар, қазақ отбасы дискурсындағы сөйлеу актілерінің сипаты (иллокутивті, перлокутивті, мәлімдеме жасау (ассертив), ықпал ету (директив, оның түрлері: талап ету (прескриптивтер: талап ете отырып қорқыту; талап ете отырып сөгіс айту), өтініш (реквестивтер), сендіру (суггестивтер), міндеттеме (комиссив), жариялау немесе мадақтау (декларатив), ойдың айқындығы (экспрессив) және коммуникативтік мақсат, интенция, стратегиялары мен тактикаларының дискурстағы көрінісін нақты мәтіндік бірліктерді талдау арқылы жүзеге асқан. Отбасы дискурсының стратегияларын (ынтымақтастық, қақтығысу) және сол стратегияларға сай таңдалатын тактикаларды (ынтымақтастық стратегиясының тактикалары: алғыс айту, құттықтау, кеңес беру, келісімге келу, қолдау көрсету, мақтау, ұсыныс білдіру, өтініш білдіру, жұбату; қақтығысу стратегиясының тактикалары: қарсыласу, келіспеу, келемеждеу, бұйрық беру, ескерту, жалыну, қорлау, сөзді бұрмалау, қорқыту) жіктеген (82-106-бб).</p> <p>Қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды анықтау мақсатында 167 респонденттен сауалнама алған, оның нәтижесі талданған және отбасы дискурсында дәстүрлі құндылықтармен қатар заманауи құндылықтардың пайда болуы мен оның әсері сарапталып, отбасы дискурсының психолингвистикалық қыры мысалдармен дәйектелген (116-127-бб.).</p>
	5.3	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданған техникалық, экономикалық немесе

		<p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Диссертанттың қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделін ұсынуы, қазақ отбасы дискурсындағы сөйлеу актілерінің сипатын талдап, қисынды дәлелдеуі және қазіргі қазақ қоғамындағы отбасылық құндылықтардың маңыздылығын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама мен оның талдау нәтижесі қазақ тіл ғылымын дамытуға қосқан үлесі, басты жаңалығы деп есептеуге болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертацияның ғылыми қорытындылары М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» романынан, С.Досымовтың «Мінезді ауыл» әңгімелері мен повестерінен, Ж.Аймауытовтың алты томдық шығармалар жинағынан, Қ.Жұмаділовтің он екі томдық шығармалар жинағынан, Д.Исабековтің «Гауһар тас» романы және екі томдық таңдамалы шығармаларынан, З.Ахметованың «Шуақты күндер», С.Мәметтің «Ар алдында», Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ», Б.Нұржекеевтің «Әй, дүние-ай!» романынан, С.Мұратбековтің екі томдық шығармалар жинағынан, Ә.Қалдыбаевтың екі томдық таңдамалы шығармаларынан, Т.Нұрмағамбетовтің үш томдық таңдамалы шығармаларынан, Ж.Дәуренбековтің таңдамалы шығармаларынан, Р.Отарбаевтың екі томдық таңдамалы шығармаларынан келтірілген мәтіндерді дискурстық талдауымен негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді;</p>	<p>Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар: Отбасы дискурсы мен отбасы коммуникациясының ерекшеліктері коммуникативтік</p>

		<p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>аспектіде анықталған, дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.</p> <p>Отбасы дискурсындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың мәні айқындалған, дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.</p> <p>Қазақ отбасы дискурсына тән сөз саптау арқылы оның когнитивтік аспектісі мен коммуникативті-прагматикалық қызметі анықталған, дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.</p> <p>Қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды анықтайтын сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесі талданған және отбасы дискурсының психоллингвистикалық қыры мысалдармен дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған (14-15- бб., 21-б., 116-б.).</p> <p>Диссертациялық жұмыста семантикалық талдау, когнитивтік талдау, концептуалдық талдау, дискурстық талдау және коммуникативтік-прагматикалық әдістер қолданылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Диссертант CorelDRAW графикалық редакторын пайдалана отырып, отбасы дискурсына тән ерекшеліктерді (23-б), отбасы дискурсының</p>

			<p>лингвоаксиологиялық аспектісін (40-б.), қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделін (44-б.), «Әке» концептісін (68-б.), «Ана» концептісінің сипатын (77-б.), «Бала» концептісін (79-б.), отбасы дискурсында қолданылатын стратегияларды (99-б.), отбасы дискурсында орын алатын стратегиялық тактикаларды (100-б.), жаңашыл дәстүрлерді ұлттық дәстүрлермен дәріштеуді (125-б.) көрсететін сызбалар мен респонденттер туралы ақпаратты, отбасылық құндылықтардың маңыздылығын (116-117-бб.), отбасында кім маңызды шешімдерді қабылдайтындығын (118-б.) бейнелейтін кестелер ұсынған. Сауалнама жүргізуге google test форматы пайдаланылған, отбасында қалыптасқан дәстүрлер (119-б.), отбасында ұстанатын құндылықтарды балалардың бойында қалыптастыру (120-б.), отбасыңызда балаларға түнде жатар алдында аңыз-әңгімелер, ертегілер айтылады ма? (121-б.) аталатын диаграммалар жасалған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды анықтау мақсатында 167 респонденттен сауалнама алған, оның нәтижесі талданған және отбасы дискурсында дәстүрлі құндылықтармен қатар заманауи құндылықтардың пайда болуы мен оның әсері сарапталып, қазақ отбасындағы құндылықтардың маңыздылығын (116-117-бб.), отбасында кім маңызды шешімдерді қабылдайтындығын (118-б.) бейнелейтін кестелер ұсынған. Сауалнама жүргізуге google test форматы</p>

			<p>пайдаланылған, отбасында қалыптасқан дәстүрлер (119-б.), отбасында ұстанатын құндылықтарды балалардың бойында қалыптастыру (120-б.), отбасында балаларға ұйқыға жатар алдында аңыз әңгімелер, ертегілер айтылу, айтылмауы анықталып, соған сай тұжырымдар ұсынылған, дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны –152. Дискурс ұғымын анықтауда (Ван Дейк, Б.Қалиұлы, Г.Г.Бүркітбаева, Д.С.Храмченко, М.Хэллидей, Е.И.Шейгал), дискурстың мәтінмен және сөйлеумен өзара әрекеттестігі мәселесі бойынша (К.Қ.Садирова, Қ.Ө.Есенова, А.Е.Карлинский, А.Е.Саденова, Н.Д.Арутюнова, Х.С.Мухамадиев), дискурстың прагматикалық әлеуеті бойынша (Қ.К.Кенжеханова, В.Е.Чернявская), дискурстың аксиологиялық компонентін анықтауда (Г.Е.Дюсембина, А.Р.Аракелова, В.И.Карасик), дискурстың контекстік тұрғыдан қарастырылуы бойынша (П.Уерт), дискурс түрлеріне қарай (Н.Уэли, О.Ф.Русакова), отбасы дискурсы бойынша (В.В.Звягинцева, Р.Джонсон, В.С.Анохина, Ш.Блюм-Кулка), құндылықтың тілде көрініс табуы мәселесін қарастыруда (А.Ж.Шалбаева, А.Ю.Багиян, А.Р.Аракелова), құндылықтар және антиқұндылықтар арақатынасы жайында (Л.К.Байрамова, Д.А.Разорнев, Е.Андреева, Е.Назмиева, В.Насртдинова), коммуникация бойынша (Ю.В.Павлова, В.В.Красных), құндылық негізді концептілерді қарастыруда (Т.Павловски, У.А.Савельева), отбасы түсінігін</p>

			анықтауда (Х.А.Арғынбаев), отбасылық құндылықтар жайында (С.З.Нишанбаева, А.М.Байғұтова (қазақ әйелі концептісі)), ұлттық тәрбие бойынша (З.К.Ахметжанова, А.Ж.Қобланова) сияқты ғалымдардың зерттеу жұмыстары негізге алынып, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторлардың 152 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектіде арнайы зерттелуімен, қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтармен сабақтастырып талдау нәтижесіне сай түйіндеген тұжырымдарымен, диссертант ұсынған қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделімен айқындалады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы когнитивті лингвистика, дискурс теориясы, лингвоаксиология, отбасы дискурсы, сөйлеу актісінің теориясы курстарын өткізуде пайдалануға жарамдылығымен анықталады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысы – өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>аяқталған ғылыми жұмыс.</p> <p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Қорғауға ұсынылған диссертация диссертанттың тыңғылықты кәсіби біліктілігін көрсетеді.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Диссертацияда «Дискурстағы құндылықтарды – лингвистикалық категорияларға жатқызуға болады, сонымен қатар пәнаралық зерттеулерде өзектілігін және жоғары перспективаға ие екендігін ескере келе құндылықтардың бірқатар параметрлерге ие екендігін айта кеткен жөн» (35-36-бб.) деген ой берілген. Дискурстағы құндылықтарды лингвистикалық категорияға жатқызудың қандай өлшемдерін не талаптарын ұсынасыз? 2) Құндылықтардың бірқатар параметрге ие екендігін айта кеткен жөн» дегенде қандай параметрлерді атайсыз? 3) <i>Гендер пати, хен пати</i> дәстүрлерінің қазақ отбасында қолданылу деңгейін, оған қазақ қоғамының көзқарасын анықтауды сауалнама сұрақтарына қосу назарға алынбады ма? <p>Ұсыныстар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Біз өмір сүріп отырған қоғамда қазақ отбасының тілдік айырмашылығы бар екенін аңғарамыз (қазақ тілді, орыс тілді және аралас некеден құрылған өздерін қазақ отбасымыз деп есептейтін), осындай отбасылардың құндылықтарын салыстыру ескерілсе, диссертацияның теориялық тұжырымдарының құндылығы арта түсер еді. 2. Диссертацияда пайдаланған терминдердің кейбірінің
-----	---------------------------	--	---

			баламасын пайдаланғансыз (мәлімдеме жасау (ассертив), ықпал ету (директив, оның түрлері: талап ету (прескриптивтер: талап ете отырып қорқыту; талап ете отырып сөгіс айту), өтініш (реквестивтер), сендіру (суггестивтер), міндеттеме (комиссив), жариялау немесе мадақтау (декларатив), ойдың айқындығы (экспрессив)), біразы сол күйінде баламасыз қолданылған (тактика, стратегия, т.с.с.). Барлық терминдерге балама ұсынған дұрыс болар еді.
--	--	--	--

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Койлыбаева Раушан Куанышовнаның «8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Садирова К.Қ.

ҚАЛЫН РАСТАУМЫН

Кадр. Сәліпжан бастығы

09

20 23 ж.

«7» қыркүйек 2023 жыл